


ЖАТ ЕЛДЕ ҚАЛҒАН БОЗДАҚТАР...



Менің әкем Әлібекұлы Бахай, бауырлары: ағасы Бөбей және інісі Сүттібаймен 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанған болатын.

Бөбей алғаш соғысқа кірген кезде жараланып, содан оны елге қайтарады, ол ауылда колхоздың жұмыстарына қайта араласып кетеді. Сүттібай қан майдан шебіндегі ұрыстарда жеті рет жараланып, госпитальдарда емделіп, ұлы жеңісті Венгрияның Будапешт қаласында қарсы алады. Оның әскери ордендері мен медальдары көп болатын: екі мәрте «Қызыл Жұлдыз», «Даңқ», «Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», тағы басқа медальдармен марапатталған. Соғысты жеңіспен аяқтап, елге оралғаннан кейін «Қайтпас» колхозында ұзақ жылдар бойы төраға қызметін атқарды. Ерен еңбегі ескеріліп, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталып, бірнеше рет Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаттығына сайланды. Ол кісінің оң қолының саусақтары соғыс зардабынан жартылай жазылмай қалған, амандасқан кезде қолымызды қатты қысып алатын. Соғыста снайпер болып, неміс фашистерінің талайын жер жастандырған. Атамыз Әлібекке 1943 жылы оның баласы Сүттібайды соғыста ерлікпен қаза болды деген «қара қағаз» келген. Ал сол кезде ағамыз Черкасск қаласы түбіндегі фашистермен бір ұрыста қатты жаралы болып, ес-түссіз күйінде далалық госпитальда ұзақ уақыт емделген екен. Кейін ол «қара қағазды» мен де өз көзіммен көріп, оқыдым.

Әкем Бахай соғыстың орта кезеңінде солдаттармен бірге жау қоршауында қалып, тұтқынға түсіп қалады. Содан фашистердің концентрациялық лагерьлерінде көп азапты көреді. Кейіннен оны Германияның бір қаласында жұмыстарға алып кетіп, соғыстың соңғы күндерін сонда қарсы алады. Оларды азат еткен американдық-ағылшындық әскери адамдар қасындағы қалған тұтқындармен бірге оны басқа елге кетуге үгіттейді. «Соғыста тұтқынға түскен совет солдаттары сатқын деп есептеледі, сондықтан сендер елдеріңе қайтсаңдар, түрмеге қамайды, атады» деп қорқытады. Менің әкем олардың айтқандарына көнбей, елге қайтады. НКВД қызметкерлері оны тексерістен өткізіп, қайта соттатып жібереді. Содан Тула қаласында жазасын өтеп, Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана босатылып, туған елге 1953 наурызда оралады. Атамыз Әлібек соғыстан екі баласы аман-есен келгенде «Соғыста қалған Бахай балам тірі, ол міндетті түрде келеді, бірақ мен оны көре алмаймын, сендер көресіңдер» деп айналасындағы туған-туысқандарына айтып жүреді екен. Әлібек атам 1947 жылы қайтыс болды.

Әкем Бахай 1953 жылы көктемде ауылына келгенде оны ешкім танымай қалған екен. Үйдің ауласында ол да үндемей ұзақ уақыт қоңыр чемоданымен тұра беріпті. Бір ауыл әйелі: «Әй, бұл тұрған Сирақ қой», - депті. Әкем жастайында арық та ұзын бойлы жігіт болғандықтан жеңгелері оған Сирақ деп ат қойған екен. Сондағы қоңыр чемодан әлі бар, ол біздің үйде-қара шаңырақта көздің қарашығындай сақталуда.

Ұлы Жеңіс мерекесінің 65 жылдығына орай Шымкент қаласы Абай саябағында ашылған Ұлы Отан соғысына қатысқан онтүстікқазақстандықтардың аллеясын тұрғызу жөнінде БАҚ көздері бойынша хабарлар таратылған болатын. Сол кезде мен ауылдан соғысқа аттанғандардың тізімімен айналыстым. Ол жерлестер бойынша қалалық әскери комиссариатпен, ауылдағы көнекөз ардагерлермен, ата-әжелермен әңгімелестім, архивтік материалдардан іздестірдім. Әскери комиссариатта аты жазылмай қалған адамдар жөнінде қай бағытта, қалай іздестіру керек жөнінде ақыл-кеңестер берді. Осыдан бастап мен ауылдан Ұлы Отан соғысына қатысқандар жайлы материалдар жинау, майданда жоғалып кеткен ауылдас ата-ағаларымды іздестіру жұмыстарымен айналыса бастадым. Бұл жұмыста маған интернет желісі көп жәрдем берді. Ресей Федерациясының, Қазақстан Республикасы қорғаныс министрліктерінің сайттарынан, басқа деректер көздерінен көптеген материалдар жинақтала бастады. Майдан алаңдарында жоғалып кеткен немесе олардың жерленген жерлерін анықтауда Ресей, Украина, Белоруссия қалаларының әскери комиссариаттарына хаттар жаздым. Онда ауылдастарымның аттарын мәңгі есте қалдыру мақсатында қажетті құжаттарды жинап, олар жерленген не жоғалған мекен-жайлардағы қазіргі бауырластар зираттарындағы мемориал-плиталарға аты-жөндерін жазу жөнінде ұсыныстар жасадым. Қазіргі кезге дейін 7 адамның аты-жөні жазылатыны жөнінде маған жауап хаттар келді, ал бір жерлесім Жүнісов Иманәлінің аты-жөні баяғыдан бері Украинаның батыр партизан-генералы, Кеңес Одағының Батыры С.А.Ковпактың туған Котельва селосындағы бауырластар зиратындағы тақтада жазылған екен. Ал оны біздің ауылдан ешкім де білмейді екенбіз. Осы-

дан басқа да деректерді жинай отырып байқағаным, біздің осындай кішкентай ғана 50-60 үйден тұратын «Қайтпас» ауылынан, басқаларын санамағанда, алты бірдей ағамыздың жауынгерлік ерлігі үшін марапатталатын «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегерлері екені белгілі болды. Үлкен мақтанышым – менің аталарым, ағаларым осындай қас дұшпанға төтеп берген алып тұлғалы, ержүрек, батыр адамдар! Мен жерлестерімді шын жүректен мақтаныш тұтамын, олардың алдында басымды иемін!

Отандастарды іздестіру жұмыстары барысында жерлес басқа адамдардың да аты-жөндері кейде кездесіп қалып жүрді, ондай мәліметтерді олардың қазіргі тірі ағайын-туысқандарына хабарладым. Интернет желісі арқылы қазір менің жақын шетелдік іздестіру отрядтарымен байланыстарым бар. Мұндай жұмыста маған ұлым Болат та үлкен жәрдем береді. Менің осы жұмысым туралы естіп жатқан кісілер менен соғыста жоғалып кеткен өз әкелері, аталары, ағайын-туғандары жайлы деректер білгісі келіп, өтініш айтып не қоңырау шалып жатады. Мен олардың ешқайсысына жоқ деп айта алмаймын, тауып беруге шамам келгенше жәрдемдесемін.

Қазақстанда, жалпы айтқанда, әр отбасы Ұлы Отан соғысымен қатысты болды, бірінің әкесі, бірінің ағасы, бірінің інісі, ағайын-туғаны дегендей. Бір жиен ағамыз болып келетін Қалдаров Салқымбек өзі екі жаста болғанда әкесі әскерге кетіп, кейін соғыста жоғалып кеткенін айтып, соның жатқан жерін тауып беруді өтінді. Әскери архивтерден іздестіре жүріп, ол жауынгер Тверь облысының Зубцовск ауданының бір хуторындағы шіркеудің жанында армян солдаттарымен бірге жерленгенін анықтадым. Ал ол хутор да, шіркеу де қазір жоқ болып шықты. Сосын ресейлік іздестіру отрядымен байланыстық, олар бізге хутор мен шіркеу жайлы архивтік ескі деректерді ақтарып, зираттың орналасқан жерін анықтап берді. Кейін Салқымбек аға «Айғақ» радиокөпманиясының президенті Д.Әбіштің демеушілік көмегімен, арнайы телевизиялық бригада ішінде әкесінің зиратына барып, аты жазылған плита орнатып, туған жердің топырағын салып қайтты. Тағы бірде күретас жолдасым өзінің нағашы атасын Өзбеков Сарсенбекті іздестіруін өтінді. Ол кісінің белгілі Брест қаласы маңында әскери борышын өтеп жүргенде соғыс басталып кетіп, кейін қоршауға түсіп қалып, Белоруссиядағы Волковыск қаласында орналасқан неміс фашистерінің Шталаг 316 лагерінде қайтыс болғаны анықталды. Кейін жолдасым өз ағайындарымен бірге аталған қалаға барып, атасы жерленген бауырластар зиратында болып қайтты, Өзбеков Сарсенбектің аты сондағы мемориалдық плитада жазулы екен.

Ең алғашқы іздестіру жұмыстары кезінде немере інімінің өтініші бойынша оның қайын атасы Тұңғышбайдың әкесі Сатыпалдиев Дәрмешті іздестірдік. Ол кісінің әкесі өзі екі айлығында соғысқа кеткен екен, енді қартайған шағында әкесінің жатқан жерін көргісі келетіндігін айтыпты. Біраз іздестіру жұмыстарының нәтижесінде жоғалған солдаттың жатқан жерін де таптық. Ол ресейлік Шлиссельбург қаласындағы 8-ші ГРЭС деген объекті жанындағы зират болып шықты. Бірақ ол маңайдағы бауырластар зираттарының ешбірінде оның аты-жөні жазылмаған екен. Есімін есте қалдыру жөнінде қандай құжаттар қажет екендігін ол жақтағы ресми орындардан сұрастыра жүріп, бақилық әкесінің аты-жөні ГРЭС орналасқан жақын көшенің бірінде орналасқан зираттағы плитаға жаздырдым. Бірақ, бір өкініштісі, қазығұрттық Тұңғышбай ақсақал екі жылдан бері әр түрлі себептермен ол жаққа әлі бара алмай жатыр. Ол кісінің денсаулығы төмендеп барады. Егер жәрдем беретін демеушілер болса, ол кісінің үлкен сауабын алар еді.

Менен кейде «Сіз неге мұндай жұмыстармен айналысасыз, сізге мұның қандай пайдасы бар, бұл хоббиіңіз бе?» деп сұрап та жатады. Жоқ, бұл - менің азаматтық парызым. Әкем соғысты көрді, оның бірге жүріп, бірге сайран құрған құрдастары, іні-ағайындары, замандастары ол соғыстан оралмады. Біздің осылай аман-есен болып, жер басып жүргендеріміз сол боздақтардың арқасы деп ойлаймын.

Біздер, тірілер, барлығымыз да сол сұрапыл соғыстың майданында жүріп, қан кешіп, Отанымызды сұм жаудан қорғап, елге оралған, сүйегі алыста көмулі-көмусіз қалған әкелеріміз бен аталарымыздың, тылдағы аянбай еңбек еткен апа-әжелеріміздің алдында борыштымыз!!!

Омарбек ӘЛІБЕКОВ, «Механика және мұнайгаз ісі» факультеті «Машина жасау» кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты